

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Өскемен қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы N 151 қаулысы

Қысқы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларға спорт резервін сапалы даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Өскемен қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорынның Жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге ұсынуды қамтамасыз етсін;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*